

қызметіндегі ұйымдастырушылық-құқықтық өзгерістерді ғана қарсы қоймай (әсіресе құқыққорғау орандарының қызметінде), сонымен бірге құқықтық тәрбиені жақсарту, құқықтық сананың бұрмалануын жеңу үшін құқықтық мәдениет деңгейін көтеру шараларын да ойластыру керек. Алайда, анық болып тұрғаны сол, құқықтық нигилизмді бір сәтте жою мүмкін емес. Бұл қиын және ұзақ үрдіс.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1 Пронина К.Ю. Правовой нигилизм как индикатор гражданско-правовой активности // Актуальные проблемы государства и права. - 2017. - Т. 1. - № 3-4. - С. 32-40.

2 Новиков А.И. Нигилизм и нигилисты: опыт критической характеристики.-Л.: Лениздат.1972. -296 с.

3 Зарубаева Е.Ю. Правопонимание и правосознание как элементы правовой культуры: общее и особенное // История государства и права. - 2018. - № 10. - С. 15-21.

4 Сидорова Т.А. Содержание этического нигилизма в современном обществе // Вестник НГУЭУ. - 2009. - № 1. - С. 195-204.

5 Белкин В.В. Проблема правового нигилизма в современной науке // Новые идеи в философии. - 2015. - № 2 (23). - С. 58-64.

6 Профилактика правового нигилизма Казахстанского общества путем правового воспитания несовершеннолетних. – Қолжетімділік тәртібі: <https://www.zakon.kz/-profilaktika-pravovogo-nigilizma.html>

7 Кумыкова Л.Г. Правовой нигилизм в сфере прав человека как форма деформации правового сознания: Дис...канд. юрид. наук. – 12.00.01 Нальчик, 2006. 189 с.

*Берікбай А.О.*

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті заң факультеті*

*Ю-23-1к тобының студенті*

*(Ғылыми жетекшісі – з.ғ.м., аға оқытушы Байжанова Гулзира Төлепбергенқызы)*

## **ЗАҢ ШЫҒАРУ БАСТАМАСЫ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ТУРАЛЫ ӨЗЕКТІ ОЙЛАР**

Мақалада отандық құқықшығармашылық үрдісінің бастапқы сатысының бүгінгі таңдағы келелі мәселелері, соның ішінде заң жобасының мемлекеттік тілде дайындалуының кейбір сұрақтары қарастырылады. Мемлекеттік тілді заңның тілі ретінде қалыптастыру басты қағида ретінде танылған.

Кез-келген мемлекеттің егемендігінің айқын айғағы оның мемлекеттік тілі болғандықтан, осы тұрғыдан заңдардың сапалылығы да бейжай қарайтын мәселе емес екендігі баршамызға мәлім. Қазіргі таңда отандық құқықшығармашылық үрдісінде негізгі құқықтық актілер заң талаптарына сай екі тілде дайындалуы қажеттілігіне қарамастан, басым түрде ресми тілде дайындалатындығы ешкімге таң емес. Нәтижесінде дайын заң жобасы немесе өзге құқықтық акт жобасы ресми тілден мемлекеттік тілге аударылып жатады. Тақырыптың өзектілігі заңнамалық актілердің мәтінін мемлекеттік тілге аудару сапасына қатысты, заңдық техникамен байланысты келеңсіз мәселелердің тәжірибеде өте жиі кездесуімен байланысты. Қазақстандық құқықшығармашылық үрдісінде нормативті актілердің қазақ тіліне дұрыс аударылмауы салдарынан, тек заң қызметкерлері ғана емес, құқықтық пәндерден білім беруші оқытушылар, жалпы құқық нормаларын тиісті қажеттілігіне сәйкес пайдаланушы тұлғалар күнделікті тәжірибеде заңдық терминдерді қолданудың проблемаларымен жиі кездесуде. Сапасыз, түсініксіз жазылған заңдар практикада қолдану қиыншылығын тудырады. Заң мәтіні тікелей аударылғандықтан, заңдық терминдердің мағынасы өзгереді, жалпыға танымал заңдық терминдер қазақ тілінде бірнеше мағынаға ие болып, қолдану аясы кеңейеді. Бұндай жағдайлар құқық нормаларын жеткіліксіз

деңгейде түсінуге және бұрмалап қолдануға әкеліп соғады. Сондықтан, заңдық аударма мәселелерін шешіп, мемлекеттік тілдің сапасын көтеру арқылы заңның сапасын көтеруге қол жеткізуіміз қажет деп есептеймін.

Мақаланың зерттеу объектісі заң шығару бастамасы құқығы, нақты түрде заң актілерінің жобасын дайындау мәселелері болып табылады. Заңдық аударма сапасына қатысты сұрақтар, салыстырмалы талдаулар және мемлекеттік тілде заң жобасын дайындаудың шешілуге тиісті мәселелері тақырыптың зерттеу пәніне сәйкес келеді.

Зерттеудің мақсаты – заң жобасын мемлекеттік тілде дайындауға қажетті алғышарттарды анықтау және қалыптастыру. Осы мақсатты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін келесідей міндеттер алға қойылды:

- ҚР Азаматтық Кодексінің, «Прокуратура туралы» конституциялық заңның мәтіндеріндегі заңдық терминдерге талдау жасау;
- Мемлекеттік тілді заңның тілі ретінде қалыптастырудың маңыздылығын дәлелдеу;
- Заңдардың аударма сапасына қатысты мәселені шешу жолдарын ұсыну.

#### *Әдістер мен материалдар*

Мақала тақырыбына зерттеу жүргізу барысында талдау, жалпылау, жүйелілік, салыстырмалы-құқықтық зерттеу әдістері қолданылды. Азаматтық Кодексінен алынған заңдардың орыс тіліндегі түпнұсқасы мен қазақ тіліндегі аудармасына салыстырмалы-құқықтық зерттеу жүргізу арқылы алынған нәтижелерге талдау жасау заңдық техниканың бірегей талаптарының сақталмағандығын көрсетеді.

ҚР Азаматтық кодексі (Жалпы және Ерекше бөлімдері), Құқықтық актілер туралы 2016 жылдың 6 сәуірдегі ҚР Заңы, Заң техникасы мен тіл мәселесіне арналған заң ғылымы әдебиеттерде, мерзімдік басылымдарда жарияланған отандық және ресейлік ғалымдардың, ғалым-заңгерлердің, атап айтқанда, Г.А.Ильясова, Қ.Бектаев, Т.В.Кашанина, С.Қ.Құлмановтың еңбектері аталмыш зерттеудің материалдық негізін құрайды.

#### *Талқылаулар*

Қазақстанның болашағы, ары қарай өсіп-өркендеуі, қоғамның дұрыс арнада қалыптасып, сол жолда дамуы бәрі де ең алдымен қазақ тілінің ұлттық мәртебесімен байланысты. Осынау түйткілді қазақ тілінің мәселесі мемлекеттік деңгейге көтерілгелі бері бұқара жұртшылық та мемлекеттік тіліміздің қолдану аясын кеңейту үшін барынша белсенділік танытуда. Бірақ, қанша жерден шаралар қабылданып, жобалар әзірленіп, белсенді әрекеттер жүргізіліп жатса да, мемлекеттің аса маңызды элементі заңдық мәтіндерді шығару барысына келгенде бұл тұрғыдан ақсап жатқанымыз белгілі. Атап айтатын болсам, елімізде қабылданып жатқан нормативті-құқықтық актілердің қазақ тіліндегі нұсқасындағы қолданылған сөздер мен сөз тіркестерін құрастыруда жіберілген қателіктер заңды қолдану кезінде қиындықтар туғызып, заңдағы нормалардың мәнін мүлде түсініксіз етуде. Ал, осындай келеңсіздіктердің орын алуына келесідей жағдайлар себеп болып отыр:

Біріншіден, барлық нормативті-құқықтық актілердің, яғни барлық заңдардың түпнұсқалары ең алдымен орыс тілінде қабылданады, кейіннен қазақ тіліне аударылады. Әрине, ол заңдарды аудару мәселесімен нағыз заңгерлер емес, жалпы тіл білімінің мамандары айналысады. Сәйкесінше, аудармашылар заң саласының маманы болмағандықтан, олар өздеріне қалыпты, қолайлы жолмен аударылады. Сол себепті де, заң терминдері тікелей аударылып кетеді, заңдық терминологиялық мәнісін жоғалтады [1].

Екіншіден, ана тіліміз – қазақ тілінде жазылған заң әдебиеттері мен оқулықтарда заңдық терминология әртүрлі деңгейде қолданылғандықтан, біз сияқты болашақ заңгерлерге мемлекеттік тілде білім беру барысында сан-алуан терминологиялық аппаратты игеру қажеттілігі туындайды. Нәтижесінде практикада қолданылуға тиісті ұғымды, терминді өздігінен тандап алу әрекеті орын алады. Бұл өз алдына құқық қолдану практикасының әртүрлілігіне әкеліп соғады.

Үшіншіден, қолданыстағы нормативті-құқықтық актілердің мемлекеттік тілдегі мәтіндерінің жағдайы жетілдіруді қажет етеді. Себебі, қазақ тілінде заң терминдерінің бірыңғай жүйелі, нақты қалыптасқан үлгісі жоқ болғандықтан, олардың аудармалары әртүрлі

нұсқада болып кеткен. Ал, бұл дегеніміз заңды мүлде қате түсінуге және түсіндіруге алып келеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясының жұмыс істеуіне қарамастан, қазіргі уақытқа дейін заңдық терминология мемлекеттік тілде толық орнықты деп айта алмаймыз [2].

Жалпы, қолданыстағы заңдардың қазақша нұсқаларын зер салып оқитын болсақ, оған басым түрде аударма емес – сөзбе-сөз аударма, ресми тіл емес – көркем әдебиет тілі тән екенін байқай аламыз. Міне, соның кесірінен заңның тілі әркелкі, заңдық терминдерді қолдануда бірізділік жоқ. Енді, бұл мәселені заңдық техника тұрғысынан талқылап өтсем. Негізінен, заңдардың қоғамдық қатынастарды реттеуде қолданылуын және оның сапалылығын қамтамасыз ететін әдісі – заңдық техника болып табылады. Заңдық техника – заңдық құжаттарды қалыптастырудың әдістері, құралдары мен тәсілдерінің жиынтығы [3].

Заңдық техника тұрғысынан қарайтын болсақ, нормативті-құқықтық актілер жобасының сапасы, логикалық, тілдік, құқықтық және әлеуметтік құрамдас бөліктері оның нормативтілік, нақтылық, жүйелілік, айқындылық, дәлелділік, қысқалық, толыққандылық және қарапайымдылық деген талаптарға сәйкес болуын көрсетеді. Құқықтық норма мәтінінің негізгі тілдік бірлігі – нормативтік грамматикалық сөйлем. Ол нормативтік құқықтық актінің мәтінін ұйымдастырудың заңдылықтарына бағынады және құқық нормаларын білдіру тәсілі ретінде әрекет етеді. Норма қалыптастырушының еркі мен мүдделерінің сәйкестік деңгейі, көбінесе, ұсыныстың техникалық сапасына байланысты. Құқық шығармашылықтың заңдылығы да қазықтай қағылған талаптарға сәйкес синонимдердің болмауына, ары кетсе минимумына деген ұмтылыс, ол нормативтік мәтіннің мазмұнын біркелкі түсіну мен қолданудың шарты ретінде дәлдік пен айқындыққа негізделген [4].

Сонымен қатар, қазіргі уақытта белсенді болып жатқан жайт, бұл орыс тілінің лексикасында басқа шет тілдерден енген көптеген термин сөздердің болуында. Шет тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерін қолданудың жалпы ережесін келесідей тұжырымдауға болады: нормативтік құқықтық актінің жобасының мәтінін шет тіліндегі лексикамен шамадан тыс әсірелеп, қиындатпау керек. Нормативтік құқықтық актілерде шет тіліндегі терминологияны тым көп пайдалану құқықтық нормаларды түсінуде шынымен де өте көп қиындықтар туғызады, соның салдарынан сөздіктерге, басқа анықтамалық әдебиеттерге жүгінуге мәжбүр боламыз. Әрине, шет тілінен енген терминнің мәнісін жоғалтып алмас үшін оны заң мәтінінде аудармай қолданған ыңғайлы. Дегенмен, ретсіз қолдана берудің өзі заң тілінің мәнісін жоғалтып, түсініксіз етеді.

Ендігі қарастырылатын негізгі мәселе, заңдық техниканың қазіргі таңдағы аса маңызды саласы заңдық лингвистика ғылымы болып табылады. Яғни, заң лингвистикасы деп, тіл мен заңды зерттейтін арнайы саланы айтамыз. Заңдық лингвистика мемлекет тілін мемлекеттің тіл саясатының объектісі ретінде және құқық тілін заң саласына қызмет етудің элементі ретінде зерттейді. Тіл – мемлекеттің қалыптасуына ықпал ететін негізгі компоненттердің бірі. Сонымен қатар, «біртұтас тілдік кеңістікті сақтау – ел бірлігін сақтаудың кепілі» ел ішінде жүргізіліп жатқан тіл саясатының көптеген кезеңдерінің бірі.

Осы жоғарыда айтып кеткен жағдайларды зерделей отырып, мемлекеттегі қоғамдық қатынастардың дұрыс, нақты әрі сапалы қалыптасуына басты ықпал ететін нәрсе, сол қоғамдық қатынастарды құқықтық реттейтін заңдар екенін ескеруіміз қажет. Қабылданып жатқан заңдардың қазіргі уақыттағы жалпы жағдайын анықтай отырып, оның болашақтағы көрінісінің қандай болатынын алдын-ала болжай аламыз. Мемлекеттегі қатынастардың барлығында құқықтық реттеуді жүзеге асыратын заңдар мәселесі басты орынға қойылуы тиіс аса өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені, қоғамдық қатынастар нақты әрі жүйеленген заңдармен реттелетін болса, онда барлық әрекеттер нақты әрі әділ реттелетін болады. Осы орайда басты зерттеуге алып отырған мәселе қоғамдық қатынастардың құқықтық реттелуі және оны реттейтін заң саласының жалпы жағдайы мен қазақ тілінде қалыптастырылатын нормалардың сапасын зерделеу қазіргі таңның елеулі мәселелерінің біріне айналып отыр.

Өмірде болып жатқан кез-келген қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуші басты құрал заң болып табылады. Егер сол қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдар сауатсыз қабылданып, үнемі бір қайшылықтарға толы болса, оны қолданушылар мен олардың арасында қалыптасатын қатынастар шиеленістерден бас көтертпейтін болады. Заңгер мамандардың қазіргі таңдағы басты мәселелерінің бірі қазақ тілінде қалыптастырылған заңдарды түсіну мен түсіндіру. Расымен де, құқықшығармашылықпен қалыптасатын, қаншама тексерілу кезеңдерінен өтетін әділ заңдардың өзі қате жазылатын болса, онымен қандай қатынастарды реттеп, қалай мәселелердің шешімін тауып жарытамыз деген өткір сұрақ туындайтыны сөзсіз.

#### *Нәтижелер*

Қазақстан Республикасының 2016 жылдың 6 сәуіріндегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 24-бабында нормативтік құқықтық акт мәтінінің мазмұнына және жазылу стиліне қойылатын талаптар көрсетілген, ал 3-тармақшасында «Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс» делінген [5]. Олай болса, мақаланың басты зерттеу бағыттарының бірі болып отырған азаматтық құқық саласын реттейтін Азаматтық кодекстің заңдық мәтіндеріне талдау жасайын. Бірқатар мысалдар келтіріп, салыстырмалы-құқықтық талдаулар жасау арқылы, жоғарыда айтылған талаптардың қаншалықты сақталғандығын және заңдық терминдердің орыс тілінен қазақ тіліне аударылғандағы мағынасының қаншалықты өзгеріске ұшырайтындығын көрсететін боламын.

Қазақстандық заң саласындағы аударма мәселесіндегі ойландырар қателіктер аз емес, солардың бірі Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің Жалпы бөлімінде «Азаматтық заң қалыптарының түсінілуі» деп аталатын 6-бап бар, бірақ бұл атау дәл осы Кодекстің орысша нұсқасында «Толкование норм гражданского законодательства» деп жазылған, бұл жердегі көзге бірінші түсетін қателік «норма» сөзінің қазақша аудармасында «қалып» деп аударылуы [6]. Ал, заңның өзінде құқық нормасы сөзіне «реттелетін қоғамдық қатынастар шеңберінде көп мәрте қолдануға арналған, жекедара айқындалмаған тұлғалар тобына қолданылатын, тұрақты немесе уақытша сипаттағы жалпыға міндетті мінез-құлық қағидасы» деп түсініктеме берілген. Жай қарапайым тұлға тарапынан қарайтын болсақ та, қазақ тіліндегі қалып сөзінің басқа мағына беретінін байқай аламыз. Демек, мына беріліп отырған аударма норма сөзінің дұрыс заңдық мағынасын бере алмайды. Осы бапта «Заң қалыптарының тектінде қолданылған сөздерді әртүрлі түсіну мүмкін болған жағдайда ...» іске асырылатын талаптар әрі қарай көрсетілген. Бұндағы «текст» деп таза орыс тілінде беріліп отырған ұғымның «мәтін» деп аударылуы қажеттігі көзге айқын көрініп тұр.

Осы жерде тағы бір тоқтала кететін маңызды мәселе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі (Жалпы бөлім) 24-баптың, 34-баптың 5-тармағында, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі (Ерекше бөлім) 406-баптың 2, 3-тармақтарына сәйкес, орысша мәтіндегі «законодательные акты» деген басты заң саласының сөзі әртүрлі болып аударылған, бір жерде «заң актілері» дейді, ал екінші бір жерде «заңнамалық актілер», одан қалса «заң құжаттары» деп мүлде басқа аударма беріп тастаған. Бірақ, бір жағынан аталған сөздердің мағынасы бірдей болғанымен, терминдік бірізділікті сақтау мақсатында Кодекстің толық мәтіні бойынша «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 2) тармақшасына сәйкес «заңнамалық акт» деп қолданылған орынды болар еді.

Ендігі кезекте ҚР Азаматтық Кодексінде ең көп қолданылатын «лицо» сөзіне келейік. Кодексте бұл сөзді жәй ғана адам деп аударған екен. Ал, заңның тілі тұрғысынан ғана емес, жалпы азаматтық құқық тарапынан қарастырар болсақ, бұл аударма мүлде дұрыс емес. Мысалы, орыс тіліндегі Кодекс бойынша 16-бапты қарастырайық. Онда «Өкілдік» туралы «Сделка, совершенная одним лицом (представителем) от имени другого лица (представляемого) в силу полномочия...» деген сөйлемінде «лицо» деген сөзді қазақ тіліндегі мәтінінде: «Басқа адамның (өкілдік берушінің) атынан бір адамның (өкілдің)» «адам» деп аударған [7]. Меніңше, бұл жерде қиындатып тұрған ешнәрсе жоқ, «лицо» деген орыс

тіліндегі сөзді «тұлға» деп аударған дұрыс екендігі тайға таңба басқандай түсінікті болып тұр. Сонда жоғарыдағы мәтін келесі түрде рәсімделеді: «Басқа тұлғаның (өкілдік берушінің) атынан бір тұлғаның (өкілдің)» деп жазылса құқықтық қатынастағы субъектілер ауқымы шектеліп қалмайды. Ал, егер «Лицо» сөзін «адам» деп аударар болсақ, азаматтық құқықтағы өзге де субъектілер бұл қатынастың қатысушылары бола алмай қалады, сол үшін «тұлға» дейтін болсақ [8], оның құрамына жеке тұлғалар, яғни адам, сонымен қатар заңды тұлғалар да, мемлекет те кіреді. Мұның нәтижесінде құқыққа қатысушы өзге де субъектілер саны шектелмейтін болады.

Аталмыш өзекті мәселе аясында келтіретін соңғы дәлел, Азаматтық кодекстің «Кепілдік берушінің және кепіл болушының жауапкершілігі» атты 332-бабында көрсетіледі. Яғни, бұл бапта орыс тіліндегі «неустойка» деген сөз қазақ тіліне «айыпақы» деген сөзімен аударылған. Аударманың қателігі бірден көрініп тұр, өйткені айыпақы дегенің орысша баламасы штраф екені белгілі. Оның орнына заң тіліне сәйкес етіп «тұрақсыздық айыбы» деген сөзбен аударған дұрыс деп есептеймін.

Мемлекеттік тілде заң мәтініне жеткілікті деңгейде мән бермеудің тағы бір қарапайым мысалын 2022 жылдың 5 қарашасында қабылданған «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңынан да көреміз. Прокуратура актілерінің жүйесін бекітетін 32-баптың 1-тармағының 2-тармақшасында «прокурорлық ден қою актілері: өтінішхат, арыз (талап қою), жолданым, Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуына жол берілмейтіні туралы түсіндірме» ретінде бекітіледі. Осында «жолданым» ретінде анықталған прокурорлық ден қою актісі дәл осы конституциялық заңның 40-бабында «Үндеу» ретінде берілген [9].

Сонымен, мақаланың мақсатына сай, жоғарыда қарастырылған мәселелер бойынша, заңдардың мемлекеттік тілдегі сапасына қатысты өзекті мәселелер бойынша, мынадай тұжырымдарын жасауға болады:

Біріншіден, заң мәтіндерінің сапалы болуына кепілдік беретін бірден-бір алғышарт ретінде, «Мемлекеттік тілдің құқықтық мәребесі туралы» арнайы заңды қабылдау қажет және сол заңда мемлекеттік тілді заң шығару тілі ретінде бекіту орынды. Әрине, заңға сай заңдар мемлекеттік тіліміз – қазақ тілінде қабылдануы қажет.

Екіншіден, заң терминдерінің бірыңғай үлгілерін қабылдап, онда басқа шет елдерден енген терминдер болса, оларды түпкілікті мән-мағынасынан ажыратып аудармай, керісінше сол қалпында қалдыру ұсынылады.

Үшіншіден, осы мәселе аясында қабылданған заңда мемлекеттік билік және басқару органдарында іс-қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізілетіні және тек қажет болған жағдайда басқа тілдерге аударма қамтасыз етіледі деген ереже орнату қажет деп санаймын.

Төртіншіден, мемлекеттік тілдегі заң актілерінің сапасын көтеру үшін заңгерлер мен тіл мамандарының бірнеше мағынаға ие терминдерді біріздендіру мақсатында бірлесе, сапалы жұмыс жүргізулері керек.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, осындай біршама сапалы әрі нәтижелі құқықтық реттеу шараларын жасау арқылы ғана, біз мемлекеттік тілімізді заңның тілі ретінде қалыптастырып, заңдардың мемлекеттік тілдегі сапасына қатысты өзекті мәселелерді түп тамырымен жоя аламыз деп сенемін.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1 Ильясова Г.А. Заңнамалық актілердің мәтінін мемлекеттік тілге аударуға байланысты өзекті мәселелер [Электрондық ресурс] / Г.А. Ильясова // Қазақстан Республикасы Заңнама институтының жаршысы. – 2017. – №1 (46). – Б. 155-163.

2 Құлманов С. Заң саласы терминдерінің қолданысындағы жарыспалылық мәселесі [Электрондық ресурс] / Tiltanym. – 2021. – №3 (83).

3 Кашанина Т.В. Юридическая техника в сфере частного права (корпоративное и договорное нормотворчество): учеб. пос. / Т.В. Кашанина. – Москва: Норма ИНФРА–М, 2016. – 288 с.

4 Тоқатов Р.А., Ильясова Г.А. Мемлекеттік тілді заңның тілі ретінде қалыптастыру // Қарағанды университетінің хабаршысы. Құқық сериясы. – 2023. – №2 (110). – Б. 92-100.

5 Құқықтық актілер туралы 2016 жылғы 6 сәуірдегі ҚР заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480> (жүгіну күні: 22.11.2024).

6 Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-ХІІІ ҚР кодексі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000>. (жүгіну күні: 22.11.2024)

7 Ильясова Г.А. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету мәселелері / Г.А. Ильясова // Қарағанды университетінің хабаршысы. Құқық сериясы. – 2022. – №3 (107). – Б. 71-78.

8 Бектаев Қ. Сөздік = Словарь. Үлкен қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік = Большой казахско-русский, русскоказахский словарь [Электронный ресурс] / Қ. Бектаев. — Алматы: Алтын қазына. — 2007. — 712 с. — <https://www.marwin.kz/kazahstanskije-slovari-18731/bektaev-bol-shoj-kazahsko-russkij-russko-kazahskij-slovar.html> (дата обращения 09.11.2024).

9 Прокуратура туралы 2022 жылдың 5 қарашасындағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000155#z313>

*Бораи Б.С.*

*Магистрант 7М04201 Юриспруденция*

*Кокшетауский Университет имени Шокана Уалиханова, Кокшетау*

## **ПРОБЛЕМЫ ПОСТРОЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ПРАВОВОГО ГОСУДАРСТВА**

Аннотация. Статья посвящена анализу проблем, возникающих при построении и развитии правового государства в современных условиях. В работе рассматриваются основные принципы правового государства, такие как верховенство закона, разделение властей, защита прав и свобод человека, а также независимость судебной власти. Особое внимание уделено вызовам, с которыми сталкиваются государства в процессе реализации этих принципов, недостаточную правовую культуру, институциональные и структурные проблемы, а также влияние политических и экономических факторов. Статья способствует более глубокому пониманию вызовов, стоящих перед правовым государством, и путей их преодоления в контексте текущих мировых и отечественных реалий.

Термин «правовое государство» произошел от немецкого Rechtsstaat, обозначавшего в конце XVIII в. доктрину, согласно которой в государстве должны обеспечиваться верховенство конституции страны и подчиненность ей действий государства. Понятие Rechtstaat появилось в первой трети XIX в. в трудах немецких юристов К. Т. Велькера, Р. фон Моля, Р. Г. Гнайста, И. Х. Фрай-хера фон Артина. Однако до сих пор единого, общепризнанного в мировой научной доктрине определения правового государства не сформулировано. Концепция правового государства изменялась, разные исторические условия существования общества детерминировали различия во взглядах мыслителей, исследовавших эту проблему.

Как таковое правовое государство его первый германский теоретик Р. фон Моль считал совместимым с любой формой организации государственной власти. Правовое государство у него обозначало не цель и не содержание государственной деятельности, а способ ее осуществления. Р. фон Моль понимал правовое государство как «новый тип конституционного государства, которое должно основываться на закреплении в конституции прав и свобод граждан, на обеспечении механизма судебной защиты индивида».

Одним из главных идеологов правового государства был И. Кант. Он разработал его основные черты и характеристики, определил его соотношение с правом, и на этой основе — взаимоотношения граждан и государства.